

## Қазақстан Республикасы кен-металлургия саласының кейбір ұйымдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 3 қазан N 1087

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына сәйкес, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңын іске асыру, Қазақстан Республикасында бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногын жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) **<\*> Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.12.23. N 1345 қаулысымен.**

2) осы қаулының 1-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацын орындауды көрсетілген келісім-шарттың нақты қолданылуы мерзімін ескере отырып, есептелген акциялардың мемлекеттік пакетін сенімгерлік басқаруға бергені үшін бұрын алдын ала төленген сыйақының бір бөлігін қайтара отырып, сенімгерлік басқару туралы тиісті келісім-шарт бұзылғаннан кейін жүзеге асырсын; **<\*>**

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.27. N 1392 қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрі З.Х.Кәкімжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*